

Жақсылық жасауға

асықпыз

Еріктілер қауымы жақсылыққа
толы акция ұйымдастырды

Мемлекет басшысы өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айтып, 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаған болатын.

Балалар біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Ертеңгі күнде өскелең ұрпақтың тәрбиелі, білімді болуы біздің қолымызда. Дұрыс тәрбие мен қатар бақытты балалық шақ сыйлау да біздің міндетіміз.

Осы мақсатта Меңдіқара аудандық Жастар ресурстық қызметкерлері мен еріктілері және Қазақстан халқы Ассамблеясының төрайымы Наталья Козлова қамқорлыққа толы акция ұйымдастырды. Акцияның өтуіне Аналар Кеңесінің төрайымы Атыншаш Есетова да өз үлесін қосты.

«Күшіміз бірлікте» атты акциясы аудан, қалаларда бастау алғаны бәрімізге мәлім. Біздің ауданымыздың жастары да аталмыш акцияны аудан төрінде ұйымдастырып, түрлі бағытта өткізуде. Қарттарымызға қол ұшын созып, мұқтаж жандардың қажетіне қол жеткізуге қол үшін беруде. Бол жолы аталмыш акция біздің кішкентай бүлдіршіндерімізге бақытты балғын шақ сыйлауға бағытталды.

- Әр баланың жүзінен күлкі көру біз үшін үлкен ганибет. Бұл жолғы ұйымдастырылған акция мейірімділік пен жылу-



Ертегілер әлеміне саяхат



Бүлдіршіндер шаттыққа кенелді

лыққа толы болды. Бізде балалар әлеміне, балалық шаққа саяхат жасағандай болдық, - дейді орталық еріктілері.

Аса жылулық пен шаттыққа толы болған акция бұл жолы Боровской облыстық санаторлық мектеп-интернатында өткізілді. Жақсылық жасауға асық болған жандар атамыш білім ордасына жол тартып, жас балдырғандарымызды қуантты.

Балаларға тәтті базарлықтар және кітапшалар таратылды. Жүздері шаттыққа толып, ертегіге сене білген кішкентай бүлдіршіндеріміздің қуанышы еселенді. Жас балғындар ертегі кейіпкерлерімен би билеп, естелік суретке түсті. Әр баланың жүзінен қуаныштың лебі сезілді.

-Біз аталмыш акцияны түрлі бағытта ұйымдастырып келеміз. Балдырғандарға қуаныш сыйлауды жөн санап, Боровской облыстық санаторлық мектеп-интернатының оқушыларына өз базарлығымызды тарту еттік. Ұстаздар қауымы, балалар бізді жылы қабылдады. Алдағы күндерде аталмыш акция өз жалғасын табады. Жақсылық жасаймын деген жандар арамыздан табылып жатса, біздің қатарымызға шақырамыз, - деді Жастар орталығының әдіскері Алена Токарева.

Жақсылық жасауға асыққан жандар алдағы күнде өздерінің қайырымдылық пен жылулыққа толы акцияларын жалғастырып, талай жанға қуаныш сыйлайтынына сенімдіміз.

Өз тілшіміз



Балаларға базарлық тарту етілді